

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**



SOUTH KAZAKHSTAN STATE  
PEDAGOGICAL UNIVERSITY

✓ **«БЕКІТЕМІН»**

Басқарма мүшесі-Стратегиялық  
даму және әлеуметтік істер  
жөніндегі проректор

 Б.Қ.Исабек  
« 08 » 02 2022 ЖЫЛ

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА  
МӘДЕНИЕТ БӨЛІМІНІҢ  
ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЕСЕБІ**

Г.Әмірғалиева   
Мәдениет бөлімінің басшысы м.а

Мәдениет бөлімі 2022-2023 оқу жылында жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс атқарды. Барлық көрсетілген іс-шараларда өнерпаз студенттердің шығармашылығын шыңдауда елеулі істер атқарылды. Әрбір мерекелік іс-шаралар мен концерттік бағдарламалар, тағы басқа жоспардан тыс өтініштер мен қызмет хаттарға байланысты іс-шараның барлығына Мәдениет бөлімі қызметкерлері толығымен атсалысып, қатысып отырды.

Университеттің мәдени іс-шаралары мен жоспардан тыс іс-шараларын ұйымдастыруда бөлім қызметкерлері толығымен жұмылдырылды. Әрбір мерекелік іс-шараларға студенттер арнайы дайындықтан өтіп, тақырыпқа сай әндерге фонограммалар жаздырып, сахнаға жіберілді. Айтыс үйірмесі, домбыра үйірмесі, би үйірмесінің, дефиле үйірмесінің студенттері де мерекелік концерттерде өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсете білді.

### **Мәдениет бөлімінде жартыжылдықта өткізілген мәдени іс-шараларды атап өтсек:**

**01.09.2022 ж.** 1 қыркүйек – Білім күніне арналған мерекелік концерт өтті. Басқарма төрағасы-ректор, т.ғ.к, доцент Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы барша ұстаздар мен студенттерді Білім күнімен құттықтап, арманшыл жастарға жарқын болашақтың «алтын кілті» мен сапалы өмірдің бастамасы, білім атты дархан жолдың жолдамасы ретінде «сынақ кітапшасын» тапсырды.

[https://www.instagram.com/p/Ch9bOT-tJSj/?igshid=OGQ2MjdiOTE=\)](https://www.instagram.com/p/Ch9bOT-tJSj/?igshid=OGQ2MjdiOTE=)



**30.09.2022 ж.** Ұстаздар мен Қарттар күніне арналған «Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем» атты мерекелік концерт өтті. Қасиетті қарашаңырақтың алып бәйтерегіндей болған ардагер ұстаз Қапира Сәдуақасқызына «ОҚМПУ профессоры» атағы берілді. Ұстаздар қауымы ректордың алғыс хаты мен қаржылай сыйақыларға ие болды. Кеш қонақтары сыңғырлаған ән мен күмбірлеген күміс күйдің үніне құлақ асып, концерт тамаша деңгейде өз мәресіне жетті.

[https://www.instagram.com/p/CjIt46mjZAT/?igshid=OGQ2MjdiOTE=\)](https://www.instagram.com/p/CjIt46mjZAT/?igshid=OGQ2MjdiOTE=)



**15.10.2022 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде «1-курс Студенттеріне Арнау кеші» өтті. 2022-2023 оқу жылына қабылданған білімгерлерді университет ректоры Гүлжан Сүгірбаева студент қатарына қосылуларымен құттықтап, жарқын болашақтарына сәттілік тіледі. Сахна төрінде "Тұмар" би ансамблі, арнайы қонақтар "Nomad" триосы мен өнерлі студенттер көк байрақты желбірепте ән шырқап, би биледі. Концерт соңы жастарға арналған би кеші мен әсерлі отшашу шоуға ұласты.

(<https://www.instagram.com/p/CjtDoKSDonh/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>)



**19.10.2022 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде тарихшы, жазушы Момбек Әбдәкімұлының «Шымкент қаласының энциклопедиясы» кітабының презентациясы өтті. Іс-шараға Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан, қалалық мәслихат хатшысы Бахадыр Нарымбетов, зиялы қауым өкілдері, білімгер жастар қатысты. Тағылымы мол жиынды белгілі әдебиет сыншысы Құлбек Ергөбек жүргізді. Университет ректоры Гүлжан Сүгірбаева жазушының шығармашылық қырлары жөнінде баяндама жасап, кітаптың мән-маңызын атап өтті. Шара барысында «Момбек Әбдәкімұлының тарих, детектив және шежіре тақырыбында жазған кітаптары» атты библиографиялық көрсеткіш таратылып, виртуалды және дәстүрлі кітап көрмелері қойылды. Жиылған зиялы қауымға композитор Құралай Сәтмұхамбетова, ҚР еңбек сіңірген өртісі Құрман Шойынбаев өнер көрсетті.

(<https://www.instagram.com/p/Cj5NMp7NUDC/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>)



**22.10.2022 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде 25-қазан – Республика күніне орай «Жаңа Қазақстанның тірегі - жалынды жастар» атты жастар форумы өтті. Жиынға стратегиялық даму және тәрбие істері жөніндегі проректор Баршагүл Исабек модераторлық етті. Аталған іс-шара мерекенің тарихымен таныстыра отырып жастарды белсенді өмір сүруге, елге қызмет ету мен патриоттық сананы кеңейтуді көздейді. Кездесу барысында университеттің тәрбие істері және жастар саясаты департаментінің басшысы Қайрат Анарбаев «Республика күнінің тарихи мәні» тақырыбында баяндама оқыды. Жастар ресурстық орталығының басшысы Мағжан Исахов жаңа Қазақстандағы жастардың рөлі жайлы баяндады. Сонымен қатар, «Менің арманымдағы Қазақстан» эссе байқауының жеңімпаздары мен «Үздік Магистрант» байқауының жеңімпаздарын марапатталды. Форум қонақтары өнерлі студенттердің концерттік қойылымын тамашалап, патриоттық әндер тыңдады.

(<https://www.instagram.com/p/CkAtBAmN5og/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>)



**22.10.2022 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде «Егеменділік - ерен ерлік» атты республика күніне арналған мерекелік концерт өтті. Кеш шымылдығын салтанатты түрде оқу орнының ректоры Гүлжан Сүгірбаева ашып, көпшілік қауымды мерекемен шын жүректен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Оқу ордасының ардагер ұстаздары физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Сара Рамазанова мен тарих ғылымдарының докторы, профессор Александр Подушкинге ОҚМПУ Профессоры атағы берілді. Ал ғылыми жұмыстар және

инновациялар жөніндегі проректор міндетін атқарушы Баян Уалиханова мен ағылшын тілі кафедрасының Phd, аға оқытушы Маржан Дуйсеноваға «Жас ғалым» жобасы бойынша конкурста жеңіске жеткені үшін «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» Ұлттық ғылыми кеңесі төрағасының құттықтау хаты табысталса, бірқатар оқытушылар мен қызметкерлер ректордың «Алғыс хатымен» марапатталды.

Концертте Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, «Эстрада» үйірмесінің жетекшісі, әнші Хадиша Шалабаева әннен шашу шашса, «Айтыс» үйірмесінің жетекшісі, халықаралық, республикалық айтыстардың жүлдегері Нұрғали Әнапия жыр арнады. Сондай-ақ университет студенттерінен құралған «Тұмар» би ансамблі би билеп, Халықаралық дәрежедегі дизайнер, Қазақстан Республикасы Дизайнерлер одағының мүшесі, Мәскеудегі «Этно – Эрато» байқауының алтын қайшы иегері Марат Ерімбетов «Ұлы дала айшықтары» коллекциясын көрермен назарына ұсынды.

(<https://www.instagram.com/p/CkA17HyNDR6/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>)




**31.10.2022 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде «Тарихтан тағылым» тақырыбындағы жобалық лекторийдің қорытынды іс-шарасы болып өтті. Жиынға Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің басшысы Қайрат Анарбаев модераторлық етті. Жоба Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының арнайы кестесіне сай өткізілді. Қала университеттері мен орта арнаулы оқу орындары ұстаздары мен студенттер қатысқан шараға басқармасы басшысы Мұратжан Шотанов пен Түркістан облысы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов және еңбек ардагерлері келді. Тағылымды жиында жастардың назарына қазақ елінің тау тұлғалы азаматтарының ерен еңбегі жайлы баяндамалар оқылды. 30 студентке Шымкент қаласы қуғын-сүргін музейі мен Д.Қонаев мұражайына арнайы жолдама берілді.

(<https://www.instagram.com/p/CkYIMnStZZa/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>)



**2.11.2022 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының төрағасы, Бас муфти Өтпенев Наурызбай қажы Тағанұлының қатысуымен «Жастар - біздің болашағымыз» атты рухани семинар өтті. Семинарға университет ұжымы және студент жастар қатысты. Жиналған қауымға ҚМДБ төрағасы, Бас муфти Наурызбай қажы Тағанұлы «Жастар - біздің болашағымыз» тақырыбында арнайы дәріс оқыды. Дәрісте шешен ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық тәрбие мәселелеріне және ондағы қолданылған этнопедагогикалық әдіс-тәсілдердің асыл дінімізбен қабысатын тұстарын ерекше атап өтті. Семинар қорытындысында ОҚМПУ ректоры Гүлжан Сүгірбаева Наурызбай қажы Тағанұлына жас ұрпаққа өнегелі тәрбиелік маңызы бар дәрісі үшін алғыс білдірді. Тағылымды жиын соңында құрметті қонақтар аллеясында тал егу рәсімі өтті.

<https://www.instagram.com/p/CkdNrbXNo27/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>)



**9.11.2022 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетіне 85 жыл толуына орай 9-қараша күні Өнер және білім факультетінің студенттері «Ұстаз һәм шәкірт» атты концертте өнерлерін паш етті. Өнер сүйер қауым кеңінен жиналған мәдени іс-шарада ҚР Мәдениет саласының үздігі Айман Қарсыбаева жетекшілік ететін «Қазығұрт» фольклорлық ансамбілінің сүйемелдеуімен танымал музыкалық композициялар мен күйлер орындалды. ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Ерен еңбегі медалінің иегері, ОҚМПУ доценті Үрәлхан Сейілбекова шәкірті Махамбет Әбдіқұлмен Төлеген Мұхамеджановтың «Отан» әнін шырқады.

Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының ұстазы Жамила Ерназарованың «Сырғалым» коллекциясы ұсынылды.

(<https://www.instagram.com/p/CkvPZaiDRqO/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>)



**10.12.2022 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 85 жылдық мерейтойына орай 2022 жылғы 10-желтоқсанда «Ұстазға тағзым» кіші архитектуралық формасы ашылды.

Салтанатты рәсімге университет ректоры Гүлжан Сүгірбаева және оқу орнының түлегі, Қазақстан Республикасының Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Мұхтар Шаханов, М. Әуезов атындағы ОҚУ ректоры Д. Қожамжарова, ұлағатты ұстаздар мен білімгер жастар қатысты. Гүлжан Сүгірбаева "бұл игі іс университеттің мерейлі мерзімдегі тойына арналған тарту және "үнсіз ақылшы" кітап бейнесіндегі әсем ескерткіш студенттердің ұстаздарға деген құрметінің мызғымас діңгегі" екендігін атап өтті. Бұл күні поэзия әлеміне қаламын ұштап енді қосылған жас ақын қыздың да жұлдызы жанып Мұхтар Шаханов атындағы стипендия иегері атанды.

([https://www.instagram.com/p/Cl\\_c7nQjYSt/?igshid=OGQ2MjdiOTE=](https://www.instagram.com/p/Cl_c7nQjYSt/?igshid=OGQ2MjdiOTE=))



**22.12.2022 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Құрмет», «Достық» орденінің иегері, Халықаралық ПЕН клубы және Платиналы «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты, жазушы, драматург, ҚР Еңбек Ері Дулат Исабековтың 80 жылдығына орай «Өмірден өнер жасаған жазушы» атты шығармашылық кездесу өтті. Тағылымды жиынды филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ергөбек жүргізді. Сахна төрінде Дулат Исабековпен қатар жазушы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат», «Құрмет» орденінің иегері Бексұлтан Нұржекеев те қонақ болды. Қазыналы оқу ордасының ұлағатты ұстаздары мен білімгер жастары жазушымен әдемі сұхбат құрып, шығармашылығынан қойылымдар тамашалады. ҚР Мәдениет қайраткері, ОҚМПУ доценті Ұралхан Сейілбекова халық әні «Гауһартасты» шырқады. Өнер иесінің дәл осы әнді таңдауы тегін емес. Дулат Исабеков сценарийі бойынша түсірілген режиссер Шәріп Бейсембаевтың «Гауһартас» фильмі 1975 жылы жарыққа шығып, қазақ кино өнерінің алтын қорына айналды. Бүкілодақтық тұсау кесері 1977 жылдың маусым айында Мәскеу қаласында өтті. «Гауһартас» фильмі танымалдылығы жағынан күллі Кеңес Одағы бойынша «Қыз Жібек» фильмінен кейінгі екінші орында болды. Тамаша туынды қазақ жерінде ғана емес, өзге мемлекеттердің экрандарынан көрсетілді. Бұдан өзге филология факультетінің студенттері жазушының «Қарғын» романы мен «Өкпек жолаушы», «Біз соғысты көрген жоқпыз», «Бекет» повестерінен үзінділер оқыды. Кеш соңында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры Гүлжан Сүгірбаева қадірлі қонақтарға алғыс білдірді. 80 жасқа толған Дулат Исабековты мерейтойымен құттықтап, ОҚМПУ «Құрметті профессоры» атағын берді. Жақында ғана жарыққа шыққан «Шежірелі шаңырақ» жинағын сыйға тартты.

(<https://www.instagram.com/p/Cmd5r1fNi9G/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>)





**28.12.2022 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде жаңа жылдық мерекелік кеш өтті. Университет ректоры Гүлжан Сүгірбаева бастаған ұлағатты ұстаздар қауымы арқа-жарқа көңілмен өткен жылды қорытындылап, келер жылға кемел жоспарлармен қадам басты. Білім ордасының мерейлі 85 жылдығында абыройлы табыстарға қол жеткізген бірқатар оқытушы-профессорлар құрамының еңбектері еленіп, атаулы марапаттарға ие болды. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесі мен ғылым жолына арнаған бірқатар ардагер ұстаздар ҚР Білім және ғылым саласының дамуына сіңірген еңбегі мен жемісті шығармашылық қызмет жолындағы «Елеулі еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Қазыналы қарттардың ізін жалғаушы оқытушыларымыз да Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрінің алғыс хаты, "Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін" төсбелгісі және Түркістан облысы әкімінің грамотасына лайық деп табылды. Сондай-ақ білім ұясының білікті басқарма басшысы Гүлжан Сүгірбаева әріптесі Николай Подушкинмен бірге «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталды.

(<https://www.instagram.com/p/Cmd5r1fNi9G/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>)



## Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 85 жылдығына орай өткізілген іс-шаралар:

**07.10.2022 ж.** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 85 жылдық мерейтойы аясында Мәдениет бөлімінің ұйымдастыруымен Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының №5 Аялы алақан арнаулыәлеуметтік қызметтер көрсету орталығында, ерекше жандар күніне орай «Мейірім-шапағат» атты мерекелік іс-шарасы өтті. Іс-шарада оқу ордамыздың «Тұмар» би ансамблі мен өнерпаз студенттері өзі өнерлерін паш етті. Шара соңында мекеме басшысы Салтаев Бекболат Амалбекұлы өнер көрсеткен студенттерге өз ризашылығын білдіре отырып, алғыс хаттармен марапаттап, шығармашылық шабыт пен толағай табыстар тіледі.

(<https://www.instagram.com/p/CjaOUmsDnqa/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>)



**7.10.2022 ж.** ОҚМПУ 85 жылдық мерейтойына орай Мәдениет бөлімі, Қоғамдық кәсіптер орталығы, өнер және білім факультетінің ұйымдастыруымен «Бояу сыры» атты мәдени іс-шара өтті. Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасының магистр-аға оқытушысы Алмас Калыковтың жетекшілігімен студенттер университет ғимараттарын әртүрлі ракурстардан бейнеледі. Іс-шарада Мәдениет бөлімінің саксфоншысы Нұржан Баймаханов композициялық әуендерімен қылқалам шеберлеріне өнер көрсетті. Кеш соңында бояуы қанық әсем туындылар білім ордасына сыйға тартылды.

(<https://www.instagram.com/p/CjaOUmsDnqa/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>)



**9.12.2022 ж.** «Түркістан» концерттік сарайында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 85 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын өтті. Іргетасы 1937 жылы қаланған, ғасырға жуық терең тарихымен Оңтүстік өңірінің білім қарашаңырағына айналған оқу ордасының мерейлі мерекесіне алыстан ат арылтып келген қонақтарды ұлағатты ұстаздар мен студент жастар күтіп алды. Университет ректоры Гүлжан Сүгірбаева студенттер мен ұжымдастарды құттықтап, қасиетті ұстаздар ұстаханасы, жоғары білімнің шежірелі қарашаңырағы – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің кешегі тарихы мен бүгінгі асулары жайлы баяндама оқыды. Қуанышқа ортақтасып, құттықтай келген қонақтарға алғысын білдірді. Алғашқылардың бірі болып сахна төріне өзінің жылы лебізімен Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов шықты. Әкім мырза университет басшылығына «білім нарығында әлеуметтік-экономикалық сұранысқа ие кәсіби мамандар даярлаған және ұрпаққа рухани-патриоттық тәрбие беруде адамгершілік секілді ізгі қасиеттерімен танылып, адал еңбегі мен сапалы жұмыс нәтижесін көрсеткені» үшін ризашылығын білдіре отырып, профессорлар Наталья Дмитрюк, Ілесхан Сманов, оқытушылар Садық Болатбек, Дариха Бекманова, тәрбие қызметкері Гаухар Камалова сынды тұлғаларға «Шымкент қаласы әкімінің Алғыс хатымен» марапаттады. Құттықтаулар легін Қазақстан Республикасы Президенті кеңесшісі Мәлік Отарбаев пен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ерғалиев жалғастырды. Қ. Ерғалиев Министр Саясат Нұрбектің құттықтау хатын жеткізді. Және Білім және ғылым саласында адал да абыройлы еңбегі үшін Ақлима Байғұтова, Ләззат Жорабекова, Данебек Пошаев, Галия Мадыбекова, Рода Кадирбаева, Райя Тажитаева, Нұрилла Байсейтова, Гүлжамал Дүйсенова, Музафархан Темирханов сынды ұстаздар мен қызметкерлерге **ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІНІҢ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫН** табыстады. Шындық үшін күресіп, жалынды жырларымен ұлт рухын оятқан ақиық ақын Мұхтар Шахановқа **ОҚМПУ «ҚҰРМЕТТІ ПРОФЕССОРЫ»** атағы берілді. Сондай-ақ оқу ордасын әр жылдары басқарған Әбдімәлік Әшіров, Оңалбек, Жарылқасын, Оңалбай Аяшев сынды тұлғалар **«ҚҰРМЕТТІ РЕКТОР»** атағымен марапатталды. Салтанатты жиын төрінде өнер сүйер қауымға оқу ордасының түлектері - Республикалық байқаулардың лауреаты, ҚР Ерен еңбегі медалінің иегері, Түркия мемлекетінің әншісі, философы, композиторы, Ашық Вейсель атындағы медальдің иегері Ерлан Жандарбай мен ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Ерен еңбегі медалінің иегері, ОҚМПУ доценті Ұралхан Сейілбекова, эстрада жұлдызы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Алтынай Жорабаева, Қуандық Рахым өнер көрсетті.

(<https://www.instagram.com/p/C18f6B1t1t/?igshid=OGQ2MjdiOTE=>)



## SWOT – талдау


<b>Тәрбие жұмысы және оқу үрдісінде іске асыру нәтижесі</b>	
<p><b>күшті жағы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Отансүйгіштік, ҚР халықтарының достығы, әртүрлі мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге құрмет көрсету рухында тәрбиелеу;</li> <li>– Жалпы адамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру;</li> <li>– Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру;</li> <li>– Экологиялық, дене мәдениетін, этикалық, құқықтық мәдениетті және ойлау мәдениетін қалыптастыру;</li> <li>– Студенттердің электронды ақпаратты ресурстарға қолжетімділігінің артуы;</li> <li>– Студенттердің халықаралық, республикалық байқауларға белсене қатысуы, жүлделі орындарды иеленуі;</li> <li>– Тәрбиелік іс-шаралардың мақсатты жүргізілуі;</li> <li>– Студенттерге арналған үйірмелердің жұмыс жасауы;</li> <li>– Танымал тұлғалармен кездесулердің тұрақты өткізілуі;</li> <li>– Студенттердің өзін-өзі басқаруы;</li> </ul> <p>Студенттерге қолайлы жағдай жасалған жаңа жатақханалардың ашылуы, жатақханамен қамтамасыз ету деңгейінің жоғарылауы.</p>	<p><b>әлсіз жағы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Іс-шара жүргізушілеріне сахналық киімнің жетіспеушілігі;</li> <li>– Сахналық түрлі-түсті жарық беруші құралдардың жоқтығы;</li> </ul>
<p><b>қолайлы жағдайдағы мүмкіндігі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Студенттерді түрлі қоғамдық іс-шараларға, мәдени-әдеби үйірмелерге белсене қатысуға ынталандыру тетіктерінің болуы;</li> </ul> <p>Тәрбиелік іс-шаралар арқылы студенттердің өзін-өзі таныта білу мүмкіндігінің болуы.</p>	<p><b>қауіпті жағдай:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мәдениет бөлімінде мамандандырылған кадрлардың жетіспеушілігі;</li> </ul>

### Ұсыныстар:

Мәдениет бөлімінің жұмысын жандандыру мақсатында Үлкен мәжіліс залын жаңа музыкалық аппаратурамен, микрофондармен және музыкалық жарық беру құралдарымен қамтамасыз ету.

**Қорытынды:** Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Мәдениет бөлімі 2022-2023 оқу жылында өз деңгейінде жұмыс жасады. Жоғарыда көрсетілген ұсыныс, жұмыс сапасы бұдан да жоғарылайтындығына сенім білдіремін.

### Мәдениет бөлімінің жартыжылдыққа арналған диаграммалық көрсеткіші (қыркүйек-желтоқсан)



Г.Әмірғалиева   
Мәдениет бөлімінің басшысы м.а